

ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Мәдениет. 1-бөлім





Дәрістің мақсаты: мәдениеттің мағынасын, мәдени қатыстылық тұжырымдамасын және адамзат мәдениетіндегі тілдердің рөлін ашып көрсету. Одан басқа үш негізгі әлеуметтанулық теорияның мәдениет тақырыбымен қалай үйлесетінін, құндылықтар мен нормалардың арасындағы айырмашылық және қоғамдық бақылаудың бұл екеуін қалай күшейтетін қарастыру.

Негізгі терминдер: мәдениет, мәдени капитал, мәдениеттердің салыстырмалылығы, этноцентризм, әлеуметтік биология, тіл, құндылықтар, нормалар, дисфункциялы нормалар, дәстүрлер, ғұрыптар, заңдар, әлеуметтік бақылау.

Мәдениет және мәдениетке теориялық көзқарас

Мәдениет – қоғам өмірінің негізгі проблемаларын дайын шешімдермен қамтамасыз ететін өмір сүру жобасы. Кейбіреулер оны адамдардың өз жағдайларына бейімделуіне көмектесетін материалдық және материалдық емес құралдар ретінде түсіндіреді. Осыған орай, мәдениет салыстырмалылығы тұжырымдамасы көрсеткендей, мәдени ерекшеліктерді өз мәдениетіңнің тұрғысынан бағалау керек. Құрылымдық-функционалды көзқарас мәдениеттің қалай қалыптасуын емес, мәдениеттің бізді қалай қалыптастыратынын қарастырады. Керісінше, конфликт теориясын қолдаушылар мәдениеттің белгілі бір жолмен дамитындығын және осы үлгілердің кімнің мүдделеріне қызмет ететінін зерттейді. Символдық интеракционистер бұқаралық ақпарат құралдары сияқты мәдени материалдардың қалай қабылданып, қолданылатынына баса назар аударады.

Адам мінез-құлқының негіздері: мәдениет пен биология

Көптеген әлеуметтанушылар мәдениеттің әлеуметтік тұрғыдан құрылғанын атап көрсетеді. Алайда социобиологтар адам мәдениеті мен мінез-құлқының биологиялық негізі бар екенін атап көрсетеді.

Әлеуметтанушылардың жасаған қорытындысы: мәдениет – биологияның емес, қоғамның нәтижесі. Адамзат қоғамын сипаттайтын мәдени әртүрлілік – бірыңғай тектік қордың емес, мәдени эволюцияның қорытындысы. Мәдениеттің көптеген салалары, мысалы, тіл, сән, жақсы мен жаман туралы идеялар әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы бірте-бірте дамиды. Адамдар мәдениетті үйренеді және оны қолдана отырып өзгертеді. Биологияның адам мәдениетін дамытуда атқаратын маңызы зор. Әлеуметтік биология – адамның және басқа барлық тіршілік иелерінің мінез-құлқының биологиялық негіздерін зерттейтін ғылымның тармағы. Әлеуметтік биологтар барлық тіршілік формалары эволюция және табиғи іріктеу арқылы дамыған деп санайды.

Мәдениет таратушылар

Тіл немесе символдық қарым-қатынас – мәдениеттің негізгі бөлігі. Тіл мәдениетті жүзеге асырады, әлеуметтік топтың ортақ байланыстарын бейнелейді және әлемді қабылдаудың негізі болып табылады. Мәдени құндылықтар мәдениет лайықты деп тапқан мақсаттарды анықтайды, ал нормалар оларға қол жеткізудің тиісті құралдарын көрсетеді.

Әлеуметтік бақылау адамдардың өз мәдениетін, сондай-ақ қоғамның нормалары мен құндылықтарын ұстануға ынталандыратын күштер мен процестерден тұрады. Нормативтерге сәйкестік идеологиялық өңдеу, оқыту және басқа да шаралар арқылы күшейтіледі: нормаға сәйкестік үшін сыйақы, ал сәйкессіздіктер үшін жаза қолданылады.

Мәдениет – қоғам мүшелерінің ортақ өмір сүруінің жалпы тәсілі. Ол тек тілді, құндылықтарды және символдық мәндерді ғана емес, сондай-ақ технологиялық және материалдық нысандарды да қамтиды.



Мәдени капитал жоғары әлеуметтік таптарды сипаттайтын көзқарастар мен білімдерден құралады. Мәдениеттердің салыстырмалылығы – әрбір мәдени ерекшеліктің өз мәдениеті тұрғысынан бағалануы.

Этноцентризм басқа мәдениеттерді өз мәдениетінің нанымдары мен тәжірибесіне сәйкес бағалау тенденциясы.

Әлеуметтік биология – адамның және басқа барлық тіршілік иелері мінез-құлқының биологиялық негіздерін зерттейтін ғылымның тармағы.

Тіл – сөйлеу, жазу немесе ишара сияқты символдардың көмегімен байланысу қабілеті.

Құндылықтар – қалаулы мақсаттар туралы ортақ идеялар.

Нормалар – адамдардың қалай ойлауы және әрекет етуі керектігін көрсететін жалпы мінез-құлық ережелері болып табылады.

Дисфункциялы нормалар – қоғам мүдделеріне қарсы әрекет ететін нормаларға жатады.

Дәстүрлер – әдепкі, қарапайым және дағдылы тәсілдер арқылы жасалатын нормалар.

Ғұрыптар – ненің дұрыс немесе дұрыс еместігі туралы идеялармен байланысты нормалар; олар моральдық құндылықтарға ие.

Заңдар – билік құзыретінің күші мен санкциясы арқылы бекітілген ережелер.

Әлеуметтік бақылау – тәртіпке бағынуға ынталандыратын күштер мен процестер, бұл өзін-өзі бақылау, бейресми бақылау және ресми бақылауды қамтиды.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Мәдениеттің элементтерін – тіл, құндылықтар, нормалар, дәстүрлер және т.б. сипаттап, оларға түсініктеме беріңіз.

2. Этноцентризмнің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылаңыз.

3. Құндылықтары, нормалары мен заңдары бір-біріне сәйкес келмейтін белгілі бір ел мәдениетінің үлгісіне мысал келтіріңіз. Бұндай сәйкессіздіктің салдарын қарастырыңыз.

Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Үлкен әулетке қарағанда шағын отбасыларда балалардың көбірек тәрбиеленіп жатқанын Қазақстан қоғамының қандай ерекшеліктері арқылы түсіндіруге болады?

2. Сіз өмір сүретін әлеуметтік ортада қандай нормалар әрекет етеді? Нормаларды бұзған кезде жағымсыз санкциялардың қолданылғандығына куә болдыңыз ба?

Қосымша әдебиет және ақпарат көздері:

1. Дж. Ритцер, Дж. Степниcki., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.

2. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А., Социология: Уч.пособие. – Алматы: Эверо, 2016. – 584 с.

3. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.

4. Bourdieu P., Distinction: A Social Critique of the Stratification of Taste. Cambridge, MA.: Harvard University Press, 1984.